



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ИНТЕРНЕТТЕГІ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕСІ**Шурентаев Аманкелді Мейрамұлы**shurentaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану

факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - А.О.Есдәулетов

Журналистің құқығы туралы әралуан мемлекеттік заңдарда айтылып жатады. Журналист - өз саласындағы толық құқығы бар кәсіби маман иесі. Заңдарда айтылғандай журналистің құқығына ешкімнің қол сұғуына болмайды. Маман иесі журналистика саласында білімін жетілдіріп, бұқараға қызмет ететін тұлға.

Журналист өз елінің басқа да азаматтары немесе мамандары секілді, мемлекеттік тәртіп бойынша, заң шарттарына сәйкес өмір сүрмек. Ол өзінің кәсіптік жұмысы, шығармашылық еңбек арқасында қызмет жасап, іс-әрекет етеді. Ол еркін еңбек етуге, демалуға, қоғамдық өмірге қатысуға құқылы. Журналистің заңға, адамгершілікке қайшы келмейтін жұмыс жасауына ешқандай кедергі болмауы тиіс. Ол өзінің арына сеніп және өзі жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдарының жарғысына, бағдарламасына сай еңбек етеді [1].

Интернет кеңістіктегі барлық материалдар міндетті түрде заң мен заңнамалармен реттеледі. Бірақ интернет саласын толығымен қамтитын нақты бір заң жоқ. Интернет өзімен өзі құқықтың белгілі бір жаңа объектісі болып табылмайды. Оны мысалы, айырықша құқықтарды реттеумен, меншік құқығымен немесе деликтілік жауапкершілікпен бір қатарға қоюға болмайды. Интернет азаматтық құқық объектісі де болып табылмайды. Осылардың барлығы болашақта Интернеттің дамуына байланысты жекелеген салалық реттеу шегінде (немесе одан да жеке реттеу шегінде) ерекше құқықтық реттеуді талап ететін әлеуметтік қоғам объектілерінің пайда болуын жоққа шығармайды. Жүз жыл бұрын әдеби туындылардың авторлық құқықтарын қорғаумен байланысты әлеуметтік маңызы бар мәселенің пайда болуы бүгінгі күні «зияткерлік меншіктің» айырықша құқықтарына жататын нормативтік массивтің пайда болуына әкеп соқтырады. Өкінішке орай, жалпы алғанда Интернетті құқықтың мүмкін болатын объектісіне көзқарасының принципіалды өзгеруіне түрткі болып не табылатынын анықтау қиын.

2007 жылдың 11 қаңтарында қабылданған «Ақпараттандыру туралы» Заңына сәйкес, «интернет-ресурс - ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым». Интернет ресурстың иесі «интернет-ресурсты иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын толық көлемде іске асыратын субъект». 21- бабында «Сот ақпараттық-коммуникациялық желілер бойынша таратылатын ақпаратты осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінің талаптарына қайшы келеді деп таныған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдар, байланыс операторлары, интернет-ресурстардың меншік иелері бұқаралық ақпарат құралы өнімінің Қазақстан Республикасының аумағында таратылуын не бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын тоқтата тұруға не тоқтатуға міндетті» және «Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтата тұру туралы сот шешімі үш айдан аспайтын мерзімге сол атаумен немесе қайталанатын атаумен домендік атауды пайдалануға тыйым салуға әкеп соғады. Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтату туралы сот шешімі домендік атаудың тіркелуінің күшін жоюға және тіркелуінің сот шешімімен бұрын күші жойылған сол атаумен немесе қайталанатын атаумен домендік атауды бір жыл бойы пайдалануға тыйым салуға әкеп

соғады» деп жазылған [2].

Заңгер В.Фомичеваның пікірінше, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңында келесідегідей шешілмеген мәселелер бар:

- мемлекет пен Интернет-қауымдастық арасындағы өзара қарым-қатынас;
- Қазақстан Республикасының құзыретін анықтау;
- Интернет саласындағы терминологиялық базаны нақтылап бекіту;
- Интернетті реттеу процесінің қатысушыларын (байланыс операторлары, ақпараттық қызмет провайдерлері, ақпараттық ресурс меншікелері, Интернет желісін пайдаланушылар, мемлекет), олардың құқықтары мен міндеттерін анықтау;
- Желілік қатынастың әр қатысушысының жауапкершілігі шегін белгілеу;
- Интернет пайдалануда заңды маңызы бар іс-әрекеттерді жүзеге асырудың орны мен уақытын анықтау ережелерін белгілеу;
- DDOS-шабуыл, спам, компьютерлік вирустарға байланысты мәселелерді реттеу [3].

Жоғарыда көрсетілген заңдардан басқа Халықаралық актілерді басшылыққа алуға болады. Нақтылай айтқанда:

- Әдеби және көркем шығармаларды қорғау жөніндегі Берн конференциясы 1971 редакцияда немесе Берн Одағы;
- ЮНЕСКО-ның бастамасымен жасалған авторлық құқықты қорғау жөніндегі әлемдік конвенция;
- Әлемдік интеллектуалдық меншік ұйымын құру туралы Стокгольм конвенциясы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңға және Қылмыстық кодекске енгізілді.

Негізінен, өзгертулер бойынша, интернет ресурсты құрғаннан кейін электронды түрде ақпарат алмасу, сақтау, өзгерту арқылы авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз түрде пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделеді.

2009 жылы шілде айында Қазақстан Президенті Интернет желісіне қосымша қадағалау орнатқан «Ақпараттық-коммуникативті желілер туралы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңға сәйкес, барлық Интернет-ресурстар (сайттар, блогтар, чаттар, форумдар, Интернет-дүкендері мен т.б.) БАҚ теңестіріледі, ал олардың иелері журналистермен қатар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, Заң Интернет-провайдерлер мен сайт иелерін Интернет-ресурстарында тіркелу кезінде жазылатын Интернетті пайдаланушылар мен абоненттердің жеке мәліметтерінің 4 бәрін екі жыл бойы сақтауға міндеттеді. Сондай-ақ, осы заң бойынша кез келген БАҚ тоқтату мен жабудың жаңа негіздері енгізілген.

Сонымен қатар 2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ақпарат және байланыс Министрлігі, «Зерде» Ұлттық ақпараттық коммуникациялық холдинг» және «Казконтент» Интернет желісіндегі қазақстандық сегменттің дамуы мақсатында болашағы бар қазақстандық сайттарға қолдау көрсетуге бағытталған «Қазақстандық сайттардың мемлекеттік қолдауы» атты бағдарламаны өткізеді. Бағдарламаның шартына сәйкес, сайт иесі хостингті және басқа да шығындарды төлейтін инвесторларды тапқаннан кейін немесе сайт өз-өзін қаржыландыра алатын деңгейге жеткеннен кейін, мемлекеттік қолдау тоқтатылады.

Қазнетті заңнамалық реттеу саласындағы өзгерістер шу шығарды. Жобаны үкіметтік талқылау барысында қоғам мен интернет аудиторияның пікірі есептелінбеді. Президент пен парламентке қаншама жолдаулар жіберілсе де, заң нәтижесінде қабылданды.

Бұл жағдай мәселесіне мемлекет ішінде ғана емес, әлемдік қоғамдастықтардың жағынан да теріс пікірлер айтылды. Мысалы, ЕҚҰЫ БАҚ еркіндігінің мәселелері жөніндегі өкілі А.Г.Рихтердің пікірінше, аталған заң интернеттегі сөз бостандығын шектейді және

ЕҚҰЫ қағидаларына жауап бермейді. Оның айтуынша, «блог авторларының еріксіз түрде журналист болуы интернеттегі сөз бостандығының шектелуіне әкеледі. Басқа жағынан, Қазақстандық журналистиканы блогерлыққа теңеу кәсібиліктің азаюына, жұмыс стандарттарының өзгеруіне соқтырады. Бұның барлығы бұқаралатық ақпарат құралдары еркіндігінің төмендеуіне әкеледі» [4]. Өзінің еңбегінде интернет пен БАҚ арасында тең белгісін қоймау керектігін жазады. Телекоммуникациялық желі арқылы таратылатын ақпараттық белгісі дәстүрлі БАҚ-пен сәйкес келмейді. Рихтер қай интернет ресурстар бұқаралық ақпарат құралдары қатарына жатқызылуы керектігін анықтауды ұсынды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы басқа да ҚР заңдарына толықтырулар енгізу керектігін тұспалдайды. Соның ішінде интернеттегі медиасфера саласындағы реттеулерге қатысты маңыздылары - 1999 жылдың 23 шілдесінде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және 2007 жылдың 11 қаңтарында бекітілген «Ақпараттандыру туралы» Заңы. «БАҚ туралы» Заңы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олардың бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді белгілейді. Осы Заңның 1-бабында былай жазылған: «Бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) web-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны». Осы енгізулерге сәйкес, «web-сайттарда берілетін ақпарат» (1-тарау, 1-бап) БАҚ өніміне жатқызылады [5]. Сәйкесінше, барлық интернет ресурстарға ҚР БАҚ туралы заңының тәртіптері таралады. Яғни:

- Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспааркылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі;

- Цензураға тыйым салынады;

- Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға жол берілмейді.

Интернеттегі авторлық құқықтың өз ерекшеліктері бар, авторлық құқық Интернет парақтың мазмұнын қорғайды, соның ішінде: сілтемелер, мәтін, және өзге де тілдік қатарлар, ұйымдар немесе жекелеген азаматтар жасаған Web-сайттардың тізімдері, және материалдың өзге де ерекше элементтері. Бір ғана парақта ондаған әр түрлі авторлық құқықтар болуы мүмкін жағдай туындайды. Сонымен қатар, әрбір көшіру үшін авторлық құқықтар иелерінің келісімі қажет болып табылады.

Интернеттегі авторлық құқық тақырыбы соңғы жылдары бой түзеп келе жатқан, маңызды тақырыптардың бірі деп тұжырымдауға болады. Соңғы жылдары экономикадағы түпкілікті өзгерістерге байланысты бұрын туындауы мүмкін емес немесе ғылыми, академиялық қызығушылық қана танытқан құқық саласында көптеген сұрақтар туындады.

Нарық заманының келуімен кәсіби шығармашылық мүдделері ақыл-ой және рухани еңбек саласына жататын адамдарға ақыл-ой меншік құқығы, яғни авторлық құқықпен байланысты қатынастарды реттейтін заң шығару маңызы күннен күнге өсіп жатыр. Бұл мәселелер «компьютерлік қарақшылық» толқынына байланысты өзекті болып табылады.

Авторлық құқық - азаматтық құқықтың бір институты. Авторлық құқық реттейтін мүліктік және мүліктік емес қатынастар әдебиет, ғылым және өнер туындыларын шығару және қолданумен байланысты. Авторлық құқық жеке институт ретінде белгілі бір мәселелерді реттейді, оған мүліктік, мүліктік емес құқықтар және автордың заңды мүдделерін толықтай қорғау, ғылыми және көркем туынды шығару үшін құқықтық әдістерді

пайдаланып жағдай жасау, туындының қоғамда кең қолданылуы жатады.

Авторлық құқық автордың мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қорғауды көздейді. Мүліктік емес құқықтар, атап айтқанда, авторлыққа құқық, есімге құқық, пікірге құқық, жариялау құқығы және беделді қорғауға құқық автордың моральдық мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді де тікелей экономикалық пайданы көздемейді. Мүліктік құқықтар (копирайт) автордың туындыға айырықша құқықтарын, оның зияткерлік меншігін қорғайды. Бірақ авторлық туындыларға қол жетімді асыра шектеу, соның ішінде, экономикалық сипаттағы шектеулер, қоғам дамуын тежейді, ал ол мемлекет пен автордың мүдделеріне қайшы болады.

Аталған құжаттарды қарастыру барысында, интернет кеңістігі өмірдің басқа да кез келген саласындағы іс-әрекеттер сияқты реттелетініне көз жеткіздік. Алайда, интернет қолданушылардың көбісі ондай талаптардың бар екенін де білмейді. Интернеттегі сөз еркіндігінің шегі де болады. Бұны ұмытпауымыз керек.

Интернеттегі қазақтілді ресурстарды дамыту үшін тақырып аясы нақтыланған қазақтілді сайттарға қаржылық қолдау көрсетіп, олардың дизайнын барынша сапалы жасау керек. Ол үшін кәсіби журналистерді, веб-дизайнерлерді, бағдарлама жасаушыларды, құрастырушыларды тарту қажет. Тағы да бір маңызды жағдай: аудиториямен кері байланыс орнату, яғни пайдаланушылар арасында байқаулар өткізу, кейіннен сыйлық беру, әлеуметтік желілер (Мой мир, Вконтакте, Фейсбук, Твиттер) арқылы олармен әрдайым байланыста болу.

Алдымен баспасөз, кейін радио, телевизия өркендесе, ал міне, қазір интернет журналистикасы қарқынды дамып жатыр. Келешекте ақпарат технологиясының дамуына байланысты, журналистиканың тағы да жаңа түрі қосылуы әбден мүмкін. Олардың да қоғамнан алар өздеріне тиісті орны, оқырмандары, арнайы аудиториясы болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Т.Бекниязов. Журналистің шығармашылық шеберлігі: Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.-174 б.
2. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы. 1999 ж. 23 шілде, № 451-1.
3. А.Джалилов редакторлығымен. Қазақстандағы Интернет. Қазақстандық контент, Қазақстандық Интернет-экономика, Қазақстандық Интернет-құқық, Қазақтілді сегмент. – Алматы: «MediaNet» халықаралық журналистика орталығы, 2010.
4. А.Г.Рихтер. Правовые основы журналистики. – М.: Факультет журналистики МГУ, 2002.
5. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы. 1999 ж. 23 шілде, № 451-1.